КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2026 жылғы 13 ақпан №7119-26-00-2/694 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Аман-тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Аман-тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы қойған талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Аман-тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Аман-тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Аман-тау» жауапкершілігі

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 13.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шектеулі серіктестігінен айыппұл өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 13.02.2026

7119-26-3-1/247